

«Білім көзі кітапта»



Осындай атаумен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты физика және математика кафедрасының аға оқытушылары С.Жұмабаева, Б.Садықовалардың ұйымдастыруымен «100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжімен бірлескен қалалық семинар өтті.

Семинарға институттың физика және математика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, физика және математика мамандығының 3 - 4 курс студенттері, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жастар комитетінің төрайымы, әдіскер – Гүлхашима Оразова, колледждің аударма ісінің маманы Әсемгүл Сейдакметова және аталған білім ошағының 3 курс студенттері қатысты.

Семинарда кафедра оқытушыла-

ры институтымыздың кітапханасына келіп түскен әлемнің озық кітаптарының қазақ тіліне аударылған 17 оқулықты презентациялап таныстырды: Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін», Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы, Антика философиясы» I-томы және «Батыс философиясының жаңа тарихы, Орта ғасыр философиясы» II-томы, Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері», Джордж Ритцер, Джеффри Степницкидің «Әлеуметтану теориясы», Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе», Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы», Дэвид Г. Майерс, Жан М. Туенждің «Әлеуметтік психология», Н. Грегори Мэнкью, Марк П. Тейлордың «Экономикс», Дональд Ф. Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика», Рикки У. Гриффиннің «Менеджмент», Карен

Армстронгтың «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны», Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хайамстың «Тіл біліміне кіріспе», Светлана Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация», Алан Барнардтың «Антропология тарихы мен теориясы» және Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты еңбектері бар.

Семинар барысында Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің аударма ісінің маманы Әсемгүл Сейдакметова «100 жаңа оқулық – қазақ ғылымының жаңа белесі» тақырыбына баяндама жасады.

Семинарда ұсынылған кітаптармен танысқан студенттер, жоба қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының жаңа кезеңіне жол ашатынына сенім білдірді.

Б.САДЫҚОВА,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Физика және математика» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.